

Түркістан облысы Келес ауданы
№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**«Сыр мен сымбат» қыздар клубының
2022-2023 оқу жылына жасалған жоспары**

Дайындаған: Д.Майлашова

Бекітемін:

Мектеп директоры:

У.Нысанбаева

«Сыр мен сымбат» мектепшілік қыздар кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары.

Міндеті: Қыздар кеңесін ұйымдастырып, адамгершілікке, адами қарым қатынасқа үйрету.

Мақсаттары:

1. Қыздарға адамгершілік тұрғысынан достық, махаббат, қанағат ұғымдарының мәнін ашу.
2. Өз бойларындағы сұлулықты, әсемдікті сезіну, қолдану, адамдармен сыйластық пен жарастықта қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту.
3. Қыздардың өз бойында инабаттылық, ибалық, сыпайлық қасиеттерін қалыптастыруға, бірлікте, ынтымақта болуға тәрбиелеу.
4. Қыздардың зорлық-зомбылық, жүктілік жағдайларынан бойларын алшақ ұстауға баулу.

к/с	Мерзімі	Жұмыстың мазмұны	Жауаптылар
1	Қыркүйек	«Сырмен сымбат» қыздар клубының жұмыс жоспарымен таныстырып, бекіттіру. «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» және бірінғай мектеп формасы.	Қыздар кеңесінің төрайымы Д.Майлашова Б.Бекзатова С.Анарбекова
2	Қазан	«Ұстаздарды мерекемен » құттықтау. «Тазалық, тәртіп- басты талап» Бойжеткен ережелерімен таныстыру, қыздар гигиенасы туралы түсінік	Клуб мүшелері және қыздар Д.Майлашова Р.Айтқулова М.Мырзанова
3	Қараша	«Қыз бала- ұлттың ұяты, халықтың шырайы» Қыздардағы физиологиялық өзгерістер	Д.Майлашова Б.Бекзатова Р.Айтқулова С.Анарбекова

4	Желтоқсан	«Арулар аз болдыма атқа қонған» баяндама «Бүгінгі қыз ертеңгі ана»	Клуб жетекшілері Д.Майлашова Сынып жетекшілер М.Мырзанова
5	Қаңтар	«Жаксы мінез жан азығы» баяндама «Ерте жүктіліктің» алдын алу	Клуб жетекшілері Д.Майлашова Р.Айткулова Психологтар Б.Бекзатова
6	Ақпан	«Өмір, қымбатсың маған!» зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары Кәзіргі таңдағы «Қазақ қызы» пікір талас	Клуб жетекшілері Д.Майлашова Психологтар Р.Айткулова
7	Наурыз	«Анадан асқан жан барма» 8-наурыз мерекесін ұйымдастыру. « Көктем аруы-2023» байқау	Д.Майлашова Р.Айткулова
8	Сәуір	«Махаббат-өмір көркі» пікір талас «Тән сұлулығы-жан сұлулығы»	Клуб жетекшілері Д.Майлашова Психологтар Р.Айткулова
9	Мамыр	«Иманды қыз, аяулы ана» баяндама «Сыр мен сымбат» қыздар кеңесінің жылдық қортынды отырысы.	Қыздар кеңесінің төрайымы Д.Майлашова Клуб мүшелері Р.Айткулова

Қыздар кеңесінің төрайымы:

Д.Майлашова

Түркістан облысы Келес ауданы
№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін
мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы: «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі»

(қыздар жиналысы)

Дайындаған: Д.Майлашова

Тақырыбы: «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі».

Білімділік: Өнерге, мәдениетке, өткен тарихқа, отаншылдыққа өз көзқарастарын тәрбиелей отырып, отбасының алтын арқауы – негізі болуға үйрету. Мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру.

Дамытушылық мақсаты: қыз баланың қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты, таза махаббатты түсінуге тәрбиелеу.

Тәрбиелік мақсаты: қыз баланы ұқыптылыққа, тазалыққа, үлкенді және достарын сыйлауға, мектепте өзін – өзі ұстауға, қыздардың мінез тұрақтылығын қалыптастыра отырып инабаттылыққа, әдептілікке, ізет пен мәдениеттілікке тәрбиелеу

Сабактың түрі: Түсіндіру, сұрақ – жауап, баяндау әңгімелесу.

1. «Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі».

2. «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю».

Ұйымдастыру кезеңі:

- Мектеп өмірінде өнегелі істер мен сыпайылық қарым – қатынасқа тәрбиеленген қыздар, болашақта да ертен еңбек еткенде де жақсы жақтарымен көпшілік құрметіне бөленуі сөзсіз. Қыздардың бірі – жаңа буырқанған бұлақтың бастауы болса, екіншілері – ағысы қатты арналы өзен сияқты, бірі момын да, жуас, енді бірі өткір де өжет.

Қыз баланың физиологиялық, психологиялық даму кезеңдерін басшылыққа ала отырып жүргізілетін тәрбие жұмыстары өз нәтижесін бермей қоймайды.

Қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттық тыныс – тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғанын олардың санасына жасынан құйып, әдеп пен сыпайылық, тазалық пен адамгершілік нәрімен сусындатып, білікті, білімді, жан – жақты жетілген қыз баланы тәрбиелеуіміз керек.

- Қазақ отбасында қыз баланы қалай тәрбиелеген екен, соған тоқталайық.

Қазақ халқының әдет – ғұрып, салт – дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт – берекесі екенін ұғындырып, әдептілікке, сыпайылыққа инабаттылыққа, мол мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу мектептен бастау алғаны нұр үстіне нұр болып отыр.

Біз ата – ананы пір тұтқан, тегімізді атадан, тілімізді анадан санаған халықпыз. «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», «Қыз ақылды ескермес, ана үлгісін көрмесе, ұл жарылқап ас бермес, әке үлгісін көрмесе». Ұлттық салт – дәстүрімізді білу, оның астарын түсініп, атадан балаға мирас ету қазіргі таңда, әсіресе, қазақ қыздары үшін ауадай қажет.

Қыз тәрбиелей отырып – ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін білдіреді. «Қызым үйде, қылығы түзде» дейді екен бұрынғылар. Қыз баланың бойына асыл қасиеттерді дарыту тек құлаққа құюмен, ақыл айтумен не болмаса «Қызды қырық үйден тыюмен» шектелмейді, мәселе қай кезде, қандай жағдайда орынды ақыл ұсынып, үлгі – өнеге көрсету қажет.

Ізеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойға сіңеді. Қатты күлмеу, айқайлап сөйлемей, үлкеннің жолын кеспеу, ыдыс аяқты салдыратпау, алдымен кіріп, артымен шығу, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, ұсынған кесені төмен қарап беру, үлкендерден жоғары отырмау тәрізді тіпті қыз баланың отырысына, жүрісіне, аяқ басқанына, киім киісіне, қимыл – қозғалысына, дауыс ырғағына дейін мән берудің өзі қыз бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, көңіл қоюдың жауапкершілігін сездіреді.

Жазушы Ә. Нұршайықовтың мына бір сөздерін әрбір қыз баланың бойына сіңірсек құба – құп.

– Қыздар! Өздеріңді алақанға салып әлпештеп отырған осынау бір елімізге адал перзент, асыл азамат боламын десендер, еңбекшіл

болындар! Еңбекшіл адам ең ардақты адам.

– Әдемі болындар, әсем болындар! Сонымен бірге ақылды болындар!

– Сұлу болындар, сымбатты болындар! Сонымен бірге саналы болындар!

– Қыздар ұйқышыл болмандар, ұмытшақ болмандар, ұрысқақ болмандар!

– Инабатты болындар, ілтипатты болындар, ұйымшыл болып өсіңдер!

Қыз бала тәрбиесі қай кезде де назардан тыс қалып көрген жоқ.

Бірақ бүгінгідей қоғамның аласапыран кезеңде қыз балаларды жан – жақты тәрбиелеудің уақыт күттірмейтін мәселе.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі тұтқасы – болашақ ұрпақтың дені сау, жаны таза болуы, бойларына жалқаулық, құнсыздық – жауапсыздықты дарытпау, өздерін сергек ұстауы – бұл да тәрбиенің бірден бір міндеті.

Қыз баланың бойына сыпайылық мейірбандылық, адалдық, сезімталдық және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді кішкентайынан бастап дамытуды халқымыз өте ежелден қолға алған.

Сондықтан қазақ қызы өзіне өмірлік жолдас, жар таңдауға ерекше жауапкершілікпен, сақтық, ұстамдылықпен қарап, оның маңызын санасымен аңғарып, жүрегімен түйсінген. Бұл істе жеңіл ойлылық, ұшқалақтық, орынсыз тәуекелге жол беруді өмірлік үлкен қауіп деп санаған.

Қалыңдық үшін болашақ күйеуінің мінез – құлқы, ой – өрісі мен мәдениеті, білімі мен инабаттылық болмысы, жақсы – жаман әдеттері жайында жақсы білуі өте маңызды. Қыз бала тойларда, көп адам жиналған орындарда көзге түседі, сыналады. Ондайда өзінің ұстамдылығымен, жарқын жүзді сыпайылығымен, сергек сезімталдығымен, ептілігімен, шеберлігімен жұртқа танылады.

Олай болса, бүгінгі қыздың, ертеңгі келіннің қолынан іс келуін халқымыз міндетті деп ұққан. Адамға деген мейірім бала кезден, ең жақын адамын сүюден басталады. Сондықтан әрбір қыз балаға ата – анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз.

Қыз баланы құрметтеп, олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізетті болып, жиын – тойларда сыйлы орынға отырғызған. Жаңа келін болып түскен жеңгелері де қайын сіңлілерін атымен атамай «Еркежан», «Шырайлым» деп еркелеткен.

Киім тіге білу, дәмді тамақ пісіру сынды күнделікті күйбең тұрмыс – тіршілік істерін ұсақ – түйекке баламай, оны көңілге қонымды етіп отбасы тіршілігін толыққанды жағдайға келтіреді, әрі келген жері үшін – келіннің, күйеуі үшін – әйелдің қадірін асырады.

Иә, қазақ қызы сөзі сыпайы, өзі әдепті, терең ойлы болуға тиіс.

Сондай – ақ, сөзі өткір, өзі пысық, өрескелдікті сүймейтін, болмашыға пісіп күймейтін, баппен сөйлеп, биязы күліп, жақсы – жаманның жөнін біліп тұратын әдемі, дене бітісі жинақы, сөзі салмақты, ісі тиянақты, көз жанары өткір, бет әлпеті бал – бұл жанған, тәні шымыр, шырайлылық – қазақ қыздарына тән қасиеттер.

«Болмасаң да ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеніз», – деп ұлы Абай айтқандай, қыз балалар осындай қасиеттерді меңгеруге талпынуы керек – ақ.

К. Қожақметова Қыздар ережесін төмендегідей етіп көрсетеді.

– Қысқаша амандасу рәсімін орындау.

– Орынсыз еліктеп, әлем – жәлем киініп ерсіленбеу.

– Әдепсіздік пен азғындық жолға баспау.

– Ойлы, ұстамдылық жолмен лайықты жар таңдау, алданбау.

– Спиртті ішімдіктер ішуден, темекі тартудан аулақ болу.

– Әйел адамға тән өнер түрлерінің барлығын, үй шаруасын меңгеруді үйрену.

– Ұлдар мен ер азаматтар тәртібіне қыздар әдептілігінің зор ықпалы бар екенін дұрыс түсіну.

– Үлкендердің алдын орағытып, жолын кеспеу.

– Өтірік, өсек айтпау.

– Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі қыз баланы тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы қоғамның бір бөлшегі.

Барлық халық қыздары өмірдің жалғасы, болашақ ана, өмірлік жар, ол – еңбекқор, ол – қоғам

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Сыр мен сымбат» қыздар клубының «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында өткізілген қыздар жиналысының **хаттамасы**

Қатысушылар: 8-11 сынып қыздары, қыздар клубының жетекшілері, мектеп директоры, әдеп кеңесінің мүшелері, тәлімгер, медбике және психологтар қатысты

Қатысқаны: 148

Қатыспағаны: 71

Мерзімі: 09.09.2022ж

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Қыздарды жылдық жоспар мен таныстыру.
2. Қыздарға «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында түсінік беру.
3. Қыздарға бірінғай мектеп формасы жайында түсінік беру.
4. Әртүрлі мәселелер.

Бірінші қыздар кеңесінің төрайымы Д.Майлашова қыздармен сәлемдесіп бүгінгі жиналыстың тақырыбымен және жиналыс барысымен таныстырып өтті. Сонымен қатар «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» баяндама оқыды. Қыздардың өзін-өзі ұстауы, жүріп тұрысы, инабатты, ибалы, болуына тәрбиелеу. Қыздардың ішкі сұлулығы мен сыртқы сұлулығы бір-бірімен астасып жататындығын, сонымен бірге мінезі көркем болу керектігін жайлы айтылды.

Мектеп директоры У.Нысанбаева қыздармен сәлемдесіп жаңа оқу жылы мен құттықтады. Қыздарға бірінғай мектеп формасы заңда ҚР Білім мен ғылым министрінің 2016жылғы 14қаңтарда №26 бұйрығымен бекітілген айтып, қыздарды сол бұйрыққа сай мектеп формасында киінулерін айтып өтті. «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында біраз мәліметтер айтып өтті.

Мектеп психологы С.Анарбекова қыздарға кәзіргі таңда өтпелі кезеңде екендіктерін айтып, ол кезеңде қалай өздерін ұстау керек екендіктерін айтып өтті. Қыздардың үнемі тәртіпті, тәрбиелі болу керектігін, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетулерін айтып өтті.


Соңғы мәселе бойынша, жүріс-тұрысы, өзін ортада қалай ұстау керектігі айтылды. Мектеп тәлімгері Р.Айтқұлова оқушылардың сабаққа қатысымы жөнінде айтып өтті. Әр сыныптың қыздар кеңесінің мүшелері өз сыныптарының арасында ешқандан тәртіпсіздік жоқ екені туралы мәлімет берді.

Ұсыныстар:

1. Әр сыныптың қыздар клубының мүшелері өз міндеттерін атқарсын.
2. Қыздар үнемі бірінғай мектеп формасында жүруі қадағалансын.
3. Қыздар мектептегі қыздар клубының төрайымы Д.Майлашовамен мектеп психологтарымен, сынып жетекшісімен тығыз байланыста болсын.

Мектептің қыздар кеңесінің төрайымы:

Хатшы:



Д.Майлашова

Р.Айтқұлова



«Сыр мен сымбат» қыздар клубының жоспарымен таныстыру.



Түркістан облысы Келес ауданы

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы: «Қызды қырық-үйден тыю»

2022-2023оқу жылы

«Қыз» – ең қасиетті сөз. Қасиетті болатыны, бүкіл адамзат қыздан тарайды: қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт катарын көбейтеді.

Қазақ халқының салт-дәстүрлеріндегі бар жақсы қасиеттерді, салт-санасын, тәрбиенің негізі ретінде үлгі етіп алайық.

Инабатты, ілтипатты, ұйымшыл болындар! Тәуелсіз еліміздің ертенгі тұтқасы – сендерсіңдер.

«Қызға қырық үйден тыйым» деп, қыз баланың әлдебір іс-әрекетіне үзілді-кесілді тыйым салу, жылжылық танытпай ұрысып, зеку зиян, керісінше баланың жағдайымен санасып сеніміне кіру, сырласып дос бола білу керек.

Отбасы дұрыс, мәдениетті қарым-қатынаста болуы.

Өз ұлтының намысын жоғары қоя білетін, елінің сөзін сөйлейтін жас ұрпақты баулып, тәрбиелеу үшін «мұны білуге әлі ерте, оған тыйым салынады» деген тежеулерді алып тастап, баланы бұғаулы ойдан, шектеулі ұғымдардан құтқару қажет, қайта баланы ойын еркін айта білуге жетілдіріп, білігіне жетелеп отыруымыз керек.

Жас ұрпақты адамға тән табиғи сезіммен өмірді, табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге үйрету.

Жаратылыстың ақиқатын, болмысты ашық, бүкпесіз көрсетіп ұ«Отан отбасынан басталады» десек, сол әрбір кіші отанның ұйытқысы, бережесі болатын — әйел адам.

Кыз баланың сұлулығы
Кыз баланың сұлулығы иманында,
Бойына жақсы қасиет жыйғанында,
Анасының атына кір келтірмей,
Тәрбиемен ортаға сыйғанында.

Кыз баланың сұлулығы, жүргенінде,
Әдептенен жымшып күлгенінде,
Өсек аяң, аңгімеден аулақ болып,
Орынғын қай жерде де білгенінде.

Кыз баланың сұлулығы адалдығы,
Жан-жазығына тимесе жамандығы,
Байқалмаса шық бермес сараңдығы,
Ең бастысы кішіпейіл адамдығы.



№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Сыр мен сымбат» қыздар клубының «Қызды қырық- үйден тыю» тақырыбында өткізілген кезектегі қыздар жиналысының **хаттамасы**

Қатысушылар: 8-11 сынып қыздары, қыздар клубының жетекшілері, мектеп директоры, әдеп кеңесінің мүшелері, тәлімгер және психологтар қатысты.

Қатысқаны: 159
Қатыспағаны: 76

Мерзімі: 28.09.2022ж

Күн тәртібіндегі мәселелер:

4. Қыздарға «Қызды қырық-үйден тыю» жайында түсінік беру.
5. Бірінғай мектеп формасын қадағалау.
6. Әртүрлі мәселелер.

Қыздар кеңесінің төрайымы Д.Майлашова қыздарды түгелдеп жоқтама жасады. Мектеп директоры У.Талапбекқызы әр сыныпты ортаға шығарып мектеп формасын тексеріп, қыздарға артық аксессуар тақпауы керектігін сонымен қоса шаш үлгілерінде шет елге еліктемей өз деңгейінде жинап жүру керектігін айтып өтті. Әдеп кеңесінің мүшесі Әлия Маликовна «Қызды қырық-үйден тыю» тақырыбында баяндама оқыды. Ол жерде бүгінгі қыз ертеңгі келін, келін ана, ана әже болатынын. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтетінін айта отырып инабатты, ілтипатты, ұйымшыл болыңдар! Тәуелсіз еліміздің ертеңгі тұтқасы сендерсіңдер деп қыздарға әрбір тиым бекер айтылмағанын, ірқайсысының тәрбиелік мәні бар екенін атап айтты.

Әдеп кеңесінің мүшесі Сыздыкова Жеңіскүл апайымыз қыздарға «Қызды қырық үйден тыйым» тақырыбында бір шама керекті мағлұматтар берді, соның ішінде кізиргі таңда қоғамда болып жатқан қыздардың ішімдік ішу, шылым шегу туралы жаман әдеттерден аулақ болуын айтты. Қызбаласы әулеттің ұяты, отбасының айнасы екенін айтып өтті.

Ұсыныстар:

4. Әр сыныптың қыздар клубының мүшелері өз міндеттерін атқарсын.
5. Қыздар гигиенасын қатаң түрде сақталсын.
6. Қыздар мектептегі қыздар клубының төрайымы Д.Майлашовамен мектеп психологтарымен, сынып жетекшісімен тығыз байланыста болсын.

Мектептің қыздар кеңесінің төрайымы:
Хатшы:



Д.Майлашова
Р.Айтқұлова



«Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» және Біріңғай мектеп формасы тақырыбында Мектеп директоры Ұлжамал Талапбекқызымен бірге қыздар жиналысы өтті.



Түркістан облысының Адами Әлеуметтік Дамыту басқармасының
«Келес ауданының Адами Әлеуметті дамыту бөлімі»
№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы: «Қыздардағы физиологиялық өзгерістер»

2022-2023оқу жылы

«Қыздардағы физиологиялық өзгерістер»

Айсұлудың ауруханаға түскенін есітіп, анасына қоңырау шалдым. Осы күнге дейін денсаулығына шағым айтып көрмеген қыздың аяқ асты ауырып қалғандығына танданып, жағдайын сұрап жатырмын. Менің сабырсыз күйімді сезген анасы қобалжып кетті. «Бәріде менің кінәм. Бойжетіп қалғанын сезбеппін...» дейді даусы дірілдеп. Айсұлудың ауруханаға нендей сдертпен түскенін осы сөзден ақ ұғындым. Ол бойжетіпті...

Қыз баласы ерте есейеді дегенді бәрімізде білеміз. Бірақ есею шағында сырласуға, дос-құрбысындай болуға көңіл бөлмейміз. Айсұлудың анасында «ұят қой, қызыма оны қалай айтам, менен ұялады ғой» деген жалған ұяндықтың жетегінде жүріп. Қызының бойындағы өзгерістер мен ерекшеліктерді назарынан тыс қалдырды. Ал өз бойындағы өзгерістерді түсіне алмай, іштей қынжылған қыз шарасыз әрекеттерінің аркасында ауруханадан бір-ақ шықты. Алғаш рет етеккірі келген. Қорыққаны бар, сасқаны бар салқын суға жуына беріпті байқұс қыз. Суық тиіп, бүк түсті...

Алғашқы етеккірді медицинада «менархе» дейді. Кез келген әйелдің алғашқы етеккірі келген күні есінде шығар. Мазасыздық, үрей, сары уайым. Бұрындары бұл тақырыпты талқылау тым әбес көрінетін-ді. Ал бүгін заман басқа. Ақпарат көп, оның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін анықтау да қиын. Бойжетіп келе жатқан қыз бала үшін мұндайда анасының не әпкесінің кеңесі, қолдауы аса қымбат.

Алғашқы етеккір медицинада «менархе» дейді. Қазақшаласақ, «бірінші қан». Бойжеткеннің бойындағы дәл осы өзгерісті кез келген ана назардан тыс қалдырмауы керек. Бұл кезеңде қыз баланың ағзасынан бөлек, психологиялық жағдайы да өзгере түседі. Тұйықталып, бойын үрей билеп, ыстығы көтеріліп, көңіл күйі болмай, мазасызданады. Кейбір қыздарда іштің төменгі бөлігі ауырып, белі сыздап, жатып қалуы мүмкін.

Қыз баланың алғашқы етеккірі ағзаның физиологиялық ерекшелігіне қарай әртүрлі жаста келеді. Әдетте бұл кезең 12 мен 14 жас аралығы. Бірақ кейбір қыздарда алғашқы етеккір 16-18 жасында болуы мүмкін. Бұл жоғарыда айтылған ерекшеліктерге байланысты. Етеккір келген күннен бастап, қыз баланың ағзасы, атап айтар болсақ жыныс бездері толығымен жетіліп, өз қызметіне кіріседі. Осы кезден бастап «цикл», яғни тұрақты кезең басталады. Егер қыз баланың бойында ауырсыну сезімі немесе өзге де қолайсыздықтар болып жатса, міндетті түрде балалар гинекологынан кеңес алу керек.

Етеккірдің қалыпты болуы эндокринді жүйенің жұмысына тікелей байланысты. Егер қыз баланың етеккірі тұрақты қалыпқа түспесе, ағзасында ақау бар. Мұны ертерек емдеп жазу керек. Дер кезінде емделмеген дерт, тұрмысқа шығып, балалы болғанда түрлі патологиялық ауруларға әкеліп соғады. Сондықтан қыз баланың денсаулығын ерте кезден-ақ бақылауда ұстаған жөн. Ал енді қыз баланы бойжеткен шаққа дайындау туралы айтайық.

Балиғат жасына толған қыз анасымен сырласып үйрену керек. Анасы қызының ағзасына орын алатын өзгерістерді түсіндіріп, етеккір белгілерінің барлығын да ескертіп отыру керек. Мәселен, алғашқы етеккірдің белгілері 2-3 ай алдын білінеді. Мұндайда іштің төменгі бөлігі ауырады. Ауырсыну сезімі аптасына бірнеше рет қайталануы мүмкін. Сонымен қатар жыныс мүшелерінен ақшыл немесе сарғыш сұйықтық бөлінеді. Кей жағдайда бұл бөліндінің иісі болуы мүмкін. Мұндай кезде гигиеналық тазалықты өте қатаң сақтау керек.

Қыз баланың алғашқы етеккірі ағзаның физиологиялық ерекшелігіне қарай әртүрлі жаста келеді. Әдетте бұл кезең 12 мен 14 жас аралығы.

Бұдан бөлек қыз баланың басы жиі ауырады. Көңіл күйі құбылмалы күйде болып, болмашы нәрсеге ашуланып, мінез таныту мүмкін. Мұндайда оған ұрысып, жекіп тастауға асықпаңыз. Қызыңыз бұл әрекеттің барлығын әдейі жасап жүрмегенін ескеріңіз. Эмоцияны бақылауда ұстау мүмкін емес.

Әйел ажары хақындағы мына бір анықтамаларға назар аударған дұрыс сияқты: “бет пішіні, дене мүсіні келіскен, өзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы қыз – ару”.

Жүзі жылы, өзі ұяң, тәні нәзік қыз – әсем. Сөзі өткір, өзі пысық, өрескел-дікті сүймейтін, болмашыға күйіп-піспейтін келбетті қыз – сұлу. Істесе үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын, өзі бірден көзге түсе қоймайтын қыз – көрікті. Баппен сөйлеп, биязы күліп, жақсы-жаманның жөнін біліп тұратын қыз – әдемі. Дене бітісі жинақты – тығыршық, сөзі салмақты, ісі тиянақты қыз – ажарлы. Көз жанары өткір, бет әлпеті бал-бұл жанған, тәні шымыр қыз – шырайлы.

Сұрақтар

1. Қазақ қызы қандай болу керек?
2. Қыз өссе, елдің көркі... деген қалай түсінесіндер?
3. Қазіргі тәрбиемен бұрынғы тәрбиені салыстырғанда айырмашылық бар ма?
4. Үйде ата-аналар қыздарын қалай тәрбиелейді?

Қорытынды:

Адамзат баласы қоғамда өзінің адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен, әділеттілігімен ардақталады. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділеттік пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ождан адамның тәрбиесі арқылы өлшенеді. Ал тәрбие негізі тал бесіктен, ананың ақ сүтінен, бал жырынан, ел болашағы- қыздардан басталары да хақ. Осыны ұстанған қазақ халқы қыз баласын «бесіктен белі шықпай жатып» кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеуді басты міндет етіп қойған. Отбасының, қоғамның тәрбиесі аналарға байланысты екеніне ерекше мән берген, қыздың көркіне ақыл-ойы мен мінезінің сай болуын қадағалап жүрейік.

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Сыр мен сымбат» қыздар клубының «» тақырыбында өткізілген кезектегі қыздар жиналысының **хаттамасы**

Қатысушылар: 8-11 сынып қыздары, қыздар клубының жетекшілері, мектеп директоры, медбикелер, тәлімгер және психологтар қатысты.

Қатысқаны: 195

Қатыспағаны: 40

Мерзімі: 16.09.2022ж

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Қыздарға «Қыздардағы физиологиялық өзгерістер» жайында түсінік беру.
2. Әр сыныптың қыздар клубының мүшелерінен есеп алу.
3. Әртүрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша, қыздар кеңесінің төрайымы Д.Майлашова «Қыздардағы физиологиялық өзгерістер» тақырыбында атқарылатын жұмыстар мазмұны мен таныстырды.

Мектеп медбикесі Б.Бекзатова қыздарға «Қыздардағы физиологиялық өзгерістер» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама барысында қыздардың жас ерекшелігіне орай адам организмі өзгеріп отыратындығын әдетте бұл 12-14 жас аралығында болатындығын айтып өтті. Сол кезеңде қыздар өзін-өзі қалай күту керектігі жайлы кеңестер берді. Қыздардың өзін-өзі ұстауы, жүріп тұрысы, инабатты, ибалы, болуына тәрбиелеу. Қыздардың ішкі сұлулығы мен сыртқы сұлулығы бір-бірімен астасып жататындығын, сонымен бірге мінезі көркем болу керектігін жайлы айтылды.


Мектеп директоры У.Талапбекқызы әр сыныпты ортаға шығарып мектеп формасын тексеріп, қыздарға артық аксессуар тақпауы керектігін сонымен қоса шаш үлгілерінде шет елге еліктемей өз деңгейінде жинап жүру керектігін айтып өтті. Мектеп психологы С.Анарбекова қыздарға кәзіргі таңда елімізде болып жатқан зорлық-зомбылық жайында айтты. Отбасында болатын зорлық-зомбылық жайында біраз түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қыздардың бірнеше қосымша сұрағына жауап берді. Соңғы мәселе бойынша, жүріс-тұрысы, өзін ортада қалай ұстау керектігі айтылды.

Ұсыныстар:

1. Әр сыныптың қыздар клубының мүшелері өз міндеттерін атқарсын.
2. Қыздар гигиенасын қатаң түрде сақталсын.
3. Қыздар мектептегі қыздар клубының төрайымы Д.Майлашовамен мектеп психологтарымен, сынып жетекшісімен тығыз байланыста болсын.

Мектептің қыздар кеңесінің төрайымы:

Хатшы:



Д.Майлашова

Р.Айтқұлова



«Тазалық тәртіп-басты талап» Бойжеткен ережелерімен таныстыру, қыздар гигиенасы туралы түсінік тақырыбында қыздар жиналысы.



Түркістан облысы Келес ауданы
№39Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы: «Қыз-бала гигиенасы»

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: Қыз бала гигиенасы

Жеке бас гигиенасының бірінші ережесі – тазалық, ол туралы бұрыннан белгілі. Жекелеген кейбір арнайы жеке бас гигиенасының адам жынысына, жыныс ағзалар құрылысы және қызметіне байланысты кейбір арнайы жағдайлары бар.

Етеккірдің басталуы, қыз баланың алдына бір мәселе қояды. Алдымен етеккірдің келуі денсаулық жағдайына, қыз баланың жеке гигиена ережелерін сақтауына байланысты екенін есте ұстау керек. Әдетте, дені сау, шыныққан, спортпен шұғылданатын, жақсы тамақтанатын қыз балаларда етеккір жақсы өтеді.

Жалпы сау қыз бала да етеккір келген кезде жабығу сезу мүмкін. Алайда бұл сырқат емес, қалыпты жағдай. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстану қажет. Ой, физикалық жұмыстардан бас тартпау керек. Алайда ауыр физикалық жұмыстарды азайту керек.

Етеккір кезінде сыртқы жыныс ағзаларын таза ұстағанның маңызы зор. Бұл үшін оларды леген үстінде таза жылы «ыстық емес» сумен алдынан артқа қарай жұмсақ иіс сабын қоданып жуу керек. Жуынуды тәулігіне 2 реттен кем емес өткізу керек. Осы кезде күнделікті душ қабылдаған дұрыс. Ваннада, теңіз, өзендерде жуынуға болмайды, өйткені, менструация ауру тудырғыш микробтарға жол ашады да, жыныс ағзаларының қабынын тудырады. Моншадан, әсіресе булы моншадан алшақ жүрген жөн, өйткені жоғары температура қан бөлінуін күшейтеді.

Етеккір келген кезде арнайы салмалар қолдану қажет. Менструация кезінде тағамға ащы тамақтар қолданбау керек, өйткені олар қан ағуын күшейтеді.

Сонымен қатар, жазды күндері – тығыз жатаны іш киім, қысты күндері – жылы трико, рейтуз және жылы аяқ киім киген жөн.

«Нәзіктік» түсінігін баяндаудың қажеті жоқ, алайда осы кезде де кейбір сәттерді ескеру қажет. Нәзіктік (әйелдік) ол тек сыртқы физикалық пішін емес, ол әдемі, дұрыс мүсін, мәнді жүріс. Мәселен тым алшың адым, не теңселіп жүру нәзіктік түсінікке жат белгі. Грациялық – бұл алдымен қозғалуды қадағалау. Артық, сонымен қатар дөрекі қозғалыстар, не жұлқынып сөйлеу де әдемі емес.

Қатты дауыс шығарып сөйлесу, күлу, әсіресе, қоғамдық орындарда көргенсіздік болып табылады.

Дұрыс киім кию аса орынды болып табылады. Бұл кезде таным болуы тиіс, осы танымды тәрбиелей білу қажет. Әдемілікті бәрінен көре білу керек – қоршаған ортадан, мәдениеттен, адам денесі гармониясынан. Жақсы киіне білу қажетті талаптарды, жағдайларды талап етеді. Ең бастысы алған зат бағасы, не оның сәнділігі емес. Моданы қолдау қажет. Бірақ оны қумау керек. Егерде бірде біреудегі сәнді киім жақсы көрінсе, оның сізде де жақсы көрінуі мүмкін бола бермейді. Бұл жағдайларда сәнді киімнің өзі дөрекі көрініп, ол сіздің парықсыз және әдепсіз екендігіңізді баяндайды.

Косметика – қыз баланың сыртқы бейнесінің маңызды құрамды бөлігі. Өкініштісі, ол қыз бала бейнесін әсемдеуден гөрі, дөрекілейді.

Аса боялған ерін ерсі көрінеді, аса пудрланған бет көркі келіспейді. Аса ғаламат шаш түстері, тушты ұлпалы кірпік бейнелері әсер бермейді. Жаныңызда ұстайтын жайт, ол ең әдемі жеріңіз – бұл сіздің бетіңіз, оны танымды ете білу қажет.

Косметика бойынша ұсыныстар өте көп және өзін сыйлайтын қыз бала косметика өнімдерін дұрыс пайдалана (әрине өз танымы бойынша) білуі керек.

Тағы да бір жайтты айта кету маңызды шығар. Көбі махаббат белгісін көрсету үшін қызмет етеді: әсерлі көзқарас, қол алу, сүю. Алайда, махаббат дәлелін тек физикалық жақындық деп сезінетін және бірнеше кездесуден соң қыз балаларды қыз балаларды жақындыққа тартатын жасөспірімдер бар. Көбінесе мұндай жағдайларда үлкен махаббаттың орнына терең жүрек шайқалуы байқалады. Әсіресе, егер жас қыз жеңілтектікпен жыныстық жақындыққа өз тадасына сеніп, келіссе, ал оның қызға ешқандай махаббат сезімі болмаса, жас шақта бұндай қарым – қатынастар қауіпті, өйткені қыздар еш дайындықсыз не өзін, не баласын қамтамасыз ете алмайтын ана болуы мүмкін. Организмде де тым ерте жүктілікке жақсы реакция бермейді.

Көптеген жасөспірімдер жас қызбен жақындыққа түсіп, өз құмарлықтарын ғана қандырады. Көбіне қажеттіліктері әрдайым сексуалды емес, мансапқұмарлық болып табылады. Өздеріңізді сақтаңыздар, сізден ешқайда қашпайтын жайды тым ерте тануға асықпаңыз. Өзіңізге сыйластықпен қараңыз. Өз роліңізді, өз қажеттілігіңізді есте сақтаңыз. Адамзат ұрпағын сақтап қалу, бағасыз тұқымдық материалды сақтап қалу – сіздің қолыңызда.




Қыздар жиналысынан пікір сайыс



Түркістан облысы Келес ауданы
№39Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Қыз бала – ұлттың ұяты,
халықтың шырайы**



2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы»

Мақсаты: Қыз бала тәрбиесін, қыз баланың әдептіліктің, әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың жаршысы екенін айту. Қыз баланы құрметтеп, кастерлей білуге тәрбиелеу. Қазақ халқының ұлттық болмысын сақтай отырып, қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына, ұлт болашағына, рухани байлығына, тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік беру, олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі де арлы болуына шақыру. Достармен және құрбылармен күнделікті қарым-қатынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидаларын ұстануға тәрбиелеу.

Қазіргі таңда қыздар тәрбиесі ерекше мән беруді қажет етіп отыр. «Ұлт тәрбиелей отырып, жер тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген халқымыз. Қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың, нәзіктігінің, сыпайылықтың белгісі деп таныған. Қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, әдемілігін, жанының нәзіктігін, өнер, білімге бейім тұратынын жоғары бағалаған.

«Қыз» сөзіне ассоциация. Біз қыз баланың бойынан нені көргіміз келеді: нәзіктік пен сұлулықты, ұяңдық пен инабаттылықты, сыпайылықты, әдемілік пен ұялшақтықты, өнерпаздық пен іскерлікті, шеберлік пен ақ ниетті, ақкөңіл қасиеттерді көргіміз келеді. Қазақ отбасында басқа ұлттарға қарағанда, қыз бала тәрбиесі ерекше мән береді. Қазақ халқында қыз баланы ардақтап ұстаған, оның көңілін қалдырмаған, оған қарсы сөйлемеген, оны мәпелеп өсірген және де қатал ұстаған, қыздың тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп отырған.

Қыз өмірдің гүлі. Қыз – қызғалдақ деп айтып жатады. Жалпы «Қыз бала» ұғымын өзіміз қалай түсінеміз, айтып көрейікші кәне? Кім ол қыз деген? (Болашақ ана; ұрпақ жалғасы; сүйікті жар; ұлттың ұяты, халықтың шырайы;)

Қыздарға кеңес Кей қыздар сән қуамыз деп, түрлі бояуларды баттастырып, өзінің кімге айналғанын білмей де қалады. Олар баттасқан бояу жакқанда өздерін әдеміміз деп ойлайды, ал шындығында олар сорақы көрініп, айналасындағылардың зәресін ұшырып, жиркенішін тудырады. Сен табиғи, шынайы, жылы жүзді болуың керек. Сонда ғана жұртты өзіңе тарта аласың. Тартымды бол. Бұл дегеніміз қуыс кеуде болма деген сөз. Барлық қымбат пен жаксыны үстіңе кигенімен, ол қыздың ішкі өресі болмаса, онымен не туралы сөйлесуді білмесең, он жерден үлде мен бүлдеге оранып тұрса да мұндай қыздар тез жалықтырады. Көбірек оқы, танымдық теле бағдарламалар мен фильмдер көр, мұражай, театрлар мен көрмелерге жиірек барып, өзіңнің көкжиегіңді кеңейт, спортпен айналыс. Сонда ғана сен көп адамға тартымды көрінесің. Ең бастысы сырт келбетің емес, ішкі рухани байлығың екенін естен шығарма. «Нәзіктік» түсінігін баяндаудың қажеті жоқ, алайда осы кезде де кейбір сәттерді ескеру қажет. Нәзіктік ол тек сыртқы физикалық пішіні ғана емес, ол әдемі, дұрыс мүсін, мәнді жүріс. Грациялық – бұл алдымен қозғалуды қадағалау. Артық, сонымен қатар дөрекі қозғалыстар, не жұлқынып сөйлеу де әдемі емес. Қатты дауыс шығарып сөйлесу, күлу, әсіресе, қоғамдық орындарда көргенсіздік болып табылады. Дұрыс киім кию аса орынды болып табылады.

Сұрақ-жауап:

1. Қыз балалардың бойында қандай қасиеттер болуы мүмкін
2. Өзінді ұстау ережелерін білесің бе? (қонақта, театрда, сабақта, спорт залда, асханада)
3. Сен киіну мәдениетіне мән бересің бе?
4. Қыздарға байланысты қандай тыйым сөздерді білесің?
5. Ырым – тыйым – ұлагат көзі

Қыз баланың жақсы болып өсуіне оның өскен ортасына, бірге жүрген құрбы-құрдастарының, дос-жарандарының да әсері өте күшті болады. Қазақтың «Қызын өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен алынса керек. Ұлы Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» деген де сөзі бар. «Қызға қырық үйден тыйым» сөзінің астары да осында жатыр емес пе?

Бейнеүзінді Артымызда өсіп келе жатқан сіңілілеріміздің өзі есепшіл, өркөкірек, сезімге сенбей «ақшаға» ғана сенетіндер саны көбею үстінде. Тәрбиені ата-анасынан емес, теледидар, компьютерден алып келе жатқан жастар буыны қалыптасу үстінде. Кейбір ата-ананың баласымен араласуға да уақыты жоқтың қасы десек болады. Осыдан барып бала әке-шешесінен суып, оларға деген сыйластықтан мүлдем қала береді. Бала кезінен жылылық сезім, мейірімділік көрмеген адам баласы қатыгездікпен өседі. Жүрегін бойлаған суық ызғардың өшін өзгелерден алатын жандар болып келеді.

Қазір, жасыратын не бар, бұрын дәстүрімізде болмаған сүреңсіз жағдайлар бой көрсету үстінде. Қаладағы қазақ қыздарының көбісінің өзі бір-бірімен орысша сөйлеседі. Өзінің қазақ тілінде сөйлеуге талпынбайтыны өз алдына, кейбіреулері тіптен оны намыс көретіні бар. Күнделікті өмірдегі көріністерге бір сәт назар аударайықшы.

Ұлы даланың дана қыздарының бүгінгі жас ұрпағы елдіктің ұраншысы және инабатқа толы өмірдің қозғаушы күші болса екен дейміз қара көздеріміз. Өз халқын сүйе білген жас адамдардың бойында ұлттық намыс та, ұлттық рух та, жарасымдылық та табылары анық. Жас өрендеріміз талшыбық сияқты. Оны аялап-мәпелесең, бәйтерек болып өсері анық. Қыздарымыз саналы да тәрбиелі болып өссе, терең білім алса, жоғарыда айтылған өрелі міндет биігінен көрінері сөзсіз. Өзіміз аталмыш жастардың біреуі бола отырып, жастарды жамандыққа шақырудан аулақпыз. Күнделікті жол үстінде тілі мен сипаты бұзылмаған, өнегесі мен инабаттылығы бойына жарасқан қаракөз апа-сіңілілерімізді топтап жолықтыруға болады. Ұлттық салт-дәстүрімізді, рухани қазынамызды өнегемізді, жоғалтпай заман ағымынан қалмау - уақыт талабы. Өсіп-өркендеп келе жатқан біздің мемлекетіміздің тірегі ол - жастар! Ал біздің қазақ жастарымыздың баянды болашағына сеніміміз өте зор!

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Сыр мен сымбат» қыздар клубының «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында өткізілген кезектегі қыздар жиналысының **хаттамасы**

Қатысушылар: 8-11 сынып қыздары, қыздар клубының жетекшілері, мектеп директоры, әдеп кеңесінің мүшелері, тәлімгер және психологтар қатысты.

Қатысканы: 159

Қатыспағаны: 76

Мерзімі: 28.10.2022ж

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Қыздарға «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» жайында түсінік беру.
2. Бірінғай мектеп формасын қадағалау.
3. Әртүрлі мәселелер.


Қыздар кеңесінің төрайымы Д.Майлашова қыздарды түгелдеп жоқтама жасады. Мектеп директоры У.Талапбекқызы әр сыныпты ортаға шығарып мектеп формасын тексеріп, қыздарға артық аксессуар тақпауы керектігін сонымен қоса шаш үлгілерінде шет елге еліктемей өз деңгейінде жинап жүру керектігін айтып өтті. Әдеп кеңесінің мүшесі Әлия Маликовна «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында баяндама оқыды. Ол жерде бүгінгі қыз ертеңгі келін, келін ана, ана әже болатынын. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтетінін айта отырып инабатты, ілтипатты, ұйымшыл болындар! Тәуелсіз еліміздің ертеңгі тұтқасы сендерсіңдер деп қыздарға әрбір тиым бекер айтылмағанын, ірқайсысының тәрбиелік мәні бар екенін атап айтты. Әдеп кеңесінің мүшесі Сыздыкова Жәнісқұл апайымыз қыздарға «Қызды кырық үйден тыйым» тақырыбында бір шама керекті мағлұматтар берді, соның ішінде кізiргi таңда қоғамда болып жатқан қыздардың ішімдік ішу, шылым шегу туралы жаман әдеттерден аулақ болуын айтты. Қызбаласы әулеттің ұяты, отбасының айнасы екенін айтып өтті.

Ұсыныстар:

1. Әр сыныптың қыздар клубының мүшелері өз міндеттерін атқарсын.
2. Қыздар гигиенасын қатаң түрде сақталсын.
3. Қыздар мектептегі қыздар клубының төрайымы Д.Майлашовамен мектеп психологтарымен, сынып жетекшісімен тығыз байланыста болсын.

Мектептің қыздар кеңесінің төрайымы:

Хатшы:



Д.Майлашова

Р.Айтқұлова



Түркістан облысы Келес ауданы

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы: «Жақсы мінез-жан азығы»

(қыздар жиналысы)

2022-2023оқу жылы

Тақырыбы: «Жаксы мінез- жан азығы»

Көркем мінезді болу үшін білім алу, әдептілікті үйрену, жаксы адамдармен достық құру керек. Жаман мінез мұның терісі. Яғни сауатсыз қалу, әдепсіз болу, жаман адамдармен достық құрудан пайда болады.

Жаксы мінез – жылы жүзді болу, күлімдеп жүру, жомарт болу және ешкімді ренжітпеу деген сөз. Жаксы мінезді болудың белгілері мыналар: Ынсапты болу, барлық адамдар туралы жаксы ойда болу, жаман ойда болудан сақтану, достарынан келетін қиыншылықтарға төзу, ешкімге шағымданбау, үнемі өзінің кемшіліктерімен әуре болу, өз нәпсін жазғыру, күлімдеп, жылы жүзді болып, бәрімен жұмсақ сөйлесу.

Осы қасиеттерден бөлек борыш пен жауапкершілік – бұл адамның әкешеше, үй-ішіне қатысты перзенттік парызынан туындайтын қасиет. Мұның негізінде өзін әлпештеп, адам етіп өсіргендердің алдындағы жауапкершілігін бар санасымен терең аңғара алып түсіну, сондай-ақ, осы арадағы өз парызы мен қарызын қалай ақтау жолын ойластыру жатады. Борыш пен жауапкершілікті түсіне білуден адамның имандылығы мен адамгершілігінің дәрежесі байқалады. Сондай-ақ, оның биік дәрежесі, ауыл алдындағы, ру алдындағы, ұлт алдындағы, Отан алдындағы өз міндетін қалай орындап, қайтып сенім мен үмітін ақтау, жету сияқты өршіл талаптар жатады. Ар-ұят – халқымыз «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп арды жаннан да қымбат есептейді. Ұят – адамгершілікті сақтай білудің, имандылықтың жотасы. Бұл жан толғаныстар арқылы бет-бейнеден, инабатты іс-әрекеттерден байқалады. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деп халық ұятсыздықтың негізі қанағатсыздық, ұрлық, мақтаншақтық, өтірік айту, адамгершілік қалыпты бұзу деп есептейді. Адалдық пен шыншылдық – адал адам шынайы да, шыншыл адам. Адалдық сөздің таным мен сенімге ұштасуы, оның іс-әрекетке қайшы келмеуі. Адал да шыншыл, әділетті болу- еңбекпен білім алуға, жалпы іс-әрекетке дұрыс көзбен қарау, инабатты, тіршілікке тиянақты болу деген сөз. Жалқау, менмен, мәдениетсіз, самарқау, салдыр салақ адамдар бір-бірімен дос болып көгермейді. Достыққа байланысты Шал ақын «Достық аспандағы жарық жұлдыз, теңіздегі гауһар тас» деп бейнелейді. Жұлдыз да, асыл тас та кіршіксіз мөлдір. Бұл екеуін ешкім де еш күдірет те кірлете алмайды. Достыққа кішкене сызат түсті дегенше, құдай ұрды дей бер. Егер шын дос табылса мал-басыңды соның жолында құрбан ет. «Досыңның кішкене сыйын көптей көр, досыңа қанша көп берсең де аздай көр» дейді сөз зергері Машһүр Жүсіп. Адам бойындағы асыл қасиеттер-кісіліктің туындап қалыптасуының құнары.



Түркістан облысы Келес ауданы

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы: «Бүгінгі қыз ертеңгі ана»

(қыздар жиналысы)

2022-2023оқу жылы

Тақырыбы: «Бүгінгі қыз ертеңгі ана»

Қазақ халқы ежелден бері қыз баланы сондай құрметтеген, тіпті аталарымыз орнынан тұрып төрден орын да берген. Неге дейміз бе? Өйткені қыздың жолы жіңішке, қыз бала - аяулы жар, болашақ ана деп қастерлеген. Қазақ ұғымында 15-16-ға келген бойжеткен ақыл-есі, дене бітімі, келбет кескіні кемелденген, отау құруға жарап қалған қыз бала.

Қай халықта болмасын, қыз әдемілік пен әдептіліктің, сұлулықтың баламасы іспеттес. Халқымыз жайсаң мінезді, әдепті жігітті де қыз мінезді жігіт екен деп тегін айтпаған. Халық аузындағы «қыздың жиған жүгіндей», «қыздың тіккен кестесіндей» деген тіркестер бойжеткенге тән психологияны (нәзіктік пен байсалдылықты, шеберлікпен ұқыптылықты, сұлулық пен сымбаттылықты, т.б.) аңғарып тұрған жоқ па?

Кез-келген қазақ отбасы осынау ерекшелікті жақсы түсіне біліп, бойжеткен қызын алақанына салып, әлпештеумен бірге, оны ылғи да жібектей мінезімен, уыздай тәтті қылығымен, әдеп-ізеттілігімен, иман-инабатымен, күміс-күлкісімен көргісі келеді. Оларды кішкентай кезінен көзінің қарашығындай сақтап, әлпештеп, мәпелеп, жаны мен арының таза, мінезінің өнегелі болуын қадағалап отырған, сонымен бірге «қызға қырық үйден тыйым» салу керектігін де ұмытпаған. Сұлулық пен сымбаттылықты, шеберлік пен нәзіктікті қажет ететін үй ішіндік еңбекке (кесте, өрнек, кілем тоқу т.б.), көркемсөз, ән-күй, айтыс секілді түрлі өнерге баулуды бойжеткен тәрбиесінің басты міндеті деп білген.

Халықтық дәстүр қыз бала тәрбиесінде ереже ұсынбайды, тек бағдар береді, өнеге көрсетіп, әдептілік жөн-жосығын нұсқайды. Ол негізінен қыздың мінезі мен құлқына кіріге етілген адал мен арам, обал мен сауап деген төрт ұғым төңірегінде топтасады.

Адам үшін ең қымбат түсінік те, жұмбақ түсінік те - жанмен сезіну, ойлану, толғану, әсерлену, әрекеттену. Мұның алғы шарты - бақылай білу, көре білу, кісінің ішкі сырын танып, ұғыну арқылы өзін-өзі түсініп, имандылық пен өнегені бойына сіңіріп, шама-шарқына қарай оны жүзеге асыра білу. Бүгінгі бойжеткен - ертеңгі отбасы ұйтқысы, болашақтағы асыл жар, аяулы ана, ардақты ақылман әже. Олай болса, халық танымындағы бойжеткенге қажетті сипат - имандылық, инабаттылық, ізеттілік, әдептілік, іскерлік, биязылық, мейірімділік әр бойжеткеннің бойынан табылатын асыл мұраты болса игі.

Халқымыздың ұлттық дәстүріндегі бір ерекшелік - тәлімдік ақыл-кеңесті жас ұрпақ санасына, әсіресе, қыз балаға тұспалдап, астарлай жеткізу. Бұл салт ауылдық жерлерде бүгінгі күнге дейін сақталған. Мысалы, «Келінім саған айтам, қызым сен тыңда» деген бір ауыз сөздің өзінде-ақ тәрбиелік талап-тілектерді бірден бетке айта салмай, көбінде оларды жанамалап жеткізгенін байқаймыз. Мұндай ақыл-кеңесті көп жағдайда қыздың анасы, не сырлас жеңгесі айтатын болған. Бұлар бірде талап-тілек, бірде ойланып-толғануға негіз болатын зілсіз

ескертпе ретінде, яғни бойжеткеннің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне лайықт «жақсы сөз-жарым ырыс» дегендей, әдіс-тәсілдер арқылы құлаққа сіңетін.

Қыз бала жастайынан үй-ішіндік, тұрмыс-тіршілікке (кесте тігу, ою өрнек ою, киім тігу, құрт қайнату, шай құю, ет мүшелеу, оны сақтау, ас әзірлеу, үй-ішін күту, т.б.) машықтанып, баулыған. Ұлан-ғайыр даланы мекендеген қазақ елінің қайсыбір аймақтарына тән жеке ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне қарамастан, қыздарды адамгершілік мінез-құлыққа тәрбиелеудегі халықтың дәстүрі ортақ еді. Қыз тәрбиесінде халқымыз күш көрсету, қорқыту тәсілдерінен бойды аулақ ұстап, оларды мәпелеу, иландыру, сендіру әдістері арқылы үлгі-өнеге көрсетуге ерекше мән берген.

Қыз бала 14-15 жасқа жетісімен-ақ бой түзей бастайды. Үсті-басын мұнтаздай таза ұстап, сәнді киінуге, өзінің есейгенін сезіп, айналасындағыларға әдемі, сымбатты көрінуге тырысады. Әсіресе, шаш күтімі, бет, тіс күтімі сияқты кісіге ажар беретін косметикалық-гигиеналық атрибуттарға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл жерде ұлы Абайдың «Білектей арқасында өрген бұрым, шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын, кәмшат бөрік, ақтамақ, қарақасты, сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін» деген бейнелі суреті бойжеткендерімізге де арнап айтылғандай расында да, қыз баланың көркі алдымен білектей арқасына өрген бұрым, яғни шаш күтіміне байланысты болатыны хақ. Бойжеткеннің өңіне шашының қалыңдығы мен ұзындығы, өрген қос бұрымы қандай жарасымды десеңізші! Заңғар жазушымыз М.Әуезов «Абай» романында бейнелеген қазақ бойжеткендерінің келбет көркі мен сымбатына еріксіз тамсанамыз емес пе?! Сүйіндіктің қызы Тоғжан өз үйіне өзгеше көктем нұрын кіргізген жан. Мұхтарша айтсақ, Тоғжанның жүзі мағыналы нұрға малынып тұрғандай. Оның сылдыраған шолпысы, құлағындағы әшекей сырғасы, басындағы кәмшат бөрік, білек толған білезіктері, алпақ жүзі, қыр мұрны мен қарақаттай көзі, жаңа туған айдай қиылған жіп-жіңішке қасын ұлы жазушы «Тоғжан көрініп кеткенде, сұлу ай жарқ етіп, қайта батқандай болды», - деп әдемі суреттейді емес пе?!

Бойжеткеннің тек өзіне ғана тән әдемілігі, оның ішкі жан әлемімен қабысып жатуын күйттеу шетелдік опа-далапты жаға салу емес. Сондай-ақ, бүгінгі талғамға сай киіну қымбат киімдерің болсын деген сөз емес. Ол барынды базарлап, соны ұқыптылықпен, орын-орнымен, сәнімен киіну, яғни өз болмысыңмен сырт кейпің үйлесіп тұрсын деген сөз. Қыз баланың талғаммен киінуінің бір сыры - өз тұрқының кейбір табиғи кемістігін жасырып, жақсы жағының бәрін айқын көрсете алатындай, яғни сән үлгісін өзіне бейімдей ала білуінде. Ішкі рухани мәдениеті төмен адамның дұрыс талғаммен әдемі киіне алуы да екіталай. Жас адамның, әсіресе қыз баланың бүкіл кескін-келбеті (отырыс-тұрысы, сөз саптауы, жұртпен қарым-қатынасы, т.б.) әсем де нәзік болуы тиіс. Тәрбие ғылымының тарланы А.С.Макаренко дұрыс жүру, тұру, әдепті бола білу ұсақ-түйек емес деп тегін айтпаған.

Жақсы мінезге қыз бала жастайынан үйренсе ғана, ол бойға қонымды болмақ, мінез-құлық тәлімі туралы жазылған, жақсы ақыл-кеңестер беретін кітаптар да аз